

ТЕҢГЕНІҢ НАҚТЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ АЙЫРБАС БАҒАМДАРЫ ИНДЕКСТЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Теңгенің номиналды тиімді айырбас бағамы индексі (НомТАБ) сауда - серіктес елдер валюталарымен номиналды айырбас бағам өзгерістерінің орташа безбенделген көбейтіндісі ретінде есептеледі:

$$NEER = \prod_{k=1}^{nk} (Ier_k)^{w^k} * 100 ,$$

k – сауда - серіктес елі,

w^k – k сауда - серіктес елінің Қазақстанның тауар айналымындағы салмағы,

Ier_k – k серіктес елі бойынша теңге бағамының өзгерісі.

Нақты айырбастау бағамы индексі (НАБ) көрсеткіші Қазақстандағы және сауда - серіктес елдегі инфляция қарқынына түзетілген теңгенің сауда-серіктес ел валютасымен номиналды айырбас бағамының өзгерісі ретінде есептеледі:

$$RER_k = \frac{Ier_k}{(CPI_k / CPI_KZ)} * 100 ,$$

RER_k – k сауда - серіктес елі бойынша НАБ индексі,

Ier_k – k сауда - серіктес елі бойынша теңге бағамының өзгерісі,

CPI_KZ – Қазақстандағы тұтыну бағалары индексінің өзгерісі,

CPI_k – сауда - серіктес елдегі тұтыну бағалары индексінің өзгерісі.

Теңгенің нақты тиімді айырбас бағамының индексі (НТАБ) теңгенің сауда - серіктес елдер валюталарымен нақты айырбас бағамы өзгерістерінің орташа безбенделген көбейтіндісі ретінде есептеледі. Индекстің безбендері ретінде сыртқы сауда айналымындағы елдердің тиесілі үлестері пайдаланылады:

$$REER = \prod_{k=1}^{nk} (RER_k)^{w^k} * 100 ,$$

REER – НТАБ көрсеткішінің жиынтық индексі,

$$\prod_{k=1}^{nk} (REER_k)^{w^k}$$

– сауда - серіктес елдер валюталарымен нақты айырбас бағамы өзгерістерінің орташа безбенделген көбейтіндісі.

Сауда - серіктес елдердің іріктемесі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде жыл сайын қалыптастырылады. Есептеуде соңғы үш жыл бойынша тауарлар экспорты мен импорты көлемдерінің деректері қолданылады. Негізгі сауда - серіктес елдердің іріктемесі тауар айналымының шамамен 90%-ын қамтуы керек.

Талдау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мұнай және газ конденсатымен сауда операцияларын қоспағандағы сауданың есептік үлес салмағы негізінде тиімді айырбас бағамдарының индекстерін де есептейді (СЭҚ ТН коды – 2709). Валюта бағамдарының энергия тасымалдауыштарын экспорттаушылар мен импорттаушылардың бәсекелестік артықшылықтарына әсері шамалы, өйткені бұл жағдайда әлемдік бағаның өзгеруі шешуші фактор болып табылады. Сондықтан, мұнайды қоспағандағы тиімді бағам индексін есептеу сыртқы сауданың көлемі мен құрылымына айырбас бағамы өзгеруінің әсерін неғұрлым барабар бағалауға мүмкіндік береді.